

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі
Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта
мектебі» КММ

Тәрбие жұмысының есебі
2022-2023 оқу жылы.

Оқу жылының басынан бастап 2021-2022 оқу жылындағы атқарған жұмыстарға талдау жасалынды. Оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, оқу ауысымдары белгіленді.

Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітілді, оқушылардың киім-киісіне, күн тәртібіне біріңғай талаптар қойылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

Мектеп және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтыды:

1. Ұйымдастыру шаралары және талдау –диагностикалау қызметі
2. Қазақстандық патриотизм және азаматтық. Этникалық мәдениет
3. Рухани адамгершілік мәдениет
4. Зияткерлік мәдениет
5. Экономикалық мәдениет
6. Салауатты өмір салты және тәрбиесі
7. Ата аналармен жұмыс

Осы бағыттарды басшылыққа ала отырып, сыныптар екі буынға бөлінді, 1-4 және 5-8 сынып оқушыларын үйірмелерге тарту.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кеңінен жоспарланды. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары жасалды.

Педагогтар ұжымында ұжымшылдықты қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Мұғалімдердің жұмысқа деген ынтасын ояту мақсатымен тренинг жүргізілді.

Бастауыш сыныптарда 9 оқушы бар. Соның ішінде 6 ер бала, 3 қыз бала. Жоғары сыныптарда 8 оқушы бар. Соның ішінде 2 ер бала, 6 қыз бала.

1 қыркүйек «Білім күніне» арнап «Білім күніне» арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» салтанатты жиыны өтті. Балалар жылына арналған 1-сынып сынып оқушылары үшін «Менің мектептегі алғашқы күнім», 2-4 сыныптарда «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», 5-8 сынып «Менің саяхатым» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті.

«Тілдер Заңының» қабылданған уақытынан бері аталынып келе жатқан

тілдер мерекесі мектептепте қыркүйек айында белгіленген жоспар бойынша жұмыс шаралары жүргізілді. «Жақсы сөз – жан сүйіндіреді. Құлаққа ұғымды, ойға қонымды» деген Бауыржан Момышұлы. Осы сөздердің төңірегінде өтетін іс-шаралар тәлім-тәрбие беріп отырған мектеп ұжымындағы ең басты міндет. Әр оқу жылын бастаған кезде қыркүйек айының 5-16 жұлдыздар аралығында «Тілдер мерекесі» аталып өтілді. Ең бірінші күн салтанатты түрде ашылды. Бастауыш сыныптардан бастап жоғарғы сынып оқушылары Мемлекеттік тілді қолдау саясатында қабырға газеттерін дайындады. Жоғарғы сынып оқушылары «Тілден артық қазына жоқ» атты әдеби кешке қатысты.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасап, туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мектебімізде өзін-өзі басқару парламентінің сайлауы өтті. Сайлауда 87 % 8-сынып оқушысы Арғын Алишер жеңді.

Қазан айында өткізілген іс-шаралар

Қазанның бірінші аптасында «Күзгі бал» мерекесі мен «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Қарттарға арналған қызықты көріністер және билер, ән мен күйлер шырқалды.

Қазанның соңғы аптасында «Алтын күз» мерекесі ұйымдастырылды. Іс-шараға 1-8 сынып оқушылары топтарға бөлініп, өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар шағын көрініс көрсете отырып, күзгі сән үлгісін ұсынды. Мереке соңында барлық сынып номинация бойынша марапатталды.

2022 жылдың 30 қыркүйек күні мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өтті. Бұл күн оқушыларға дербестік, жауапкершілік, тапсырылған іске адал және шығармашылық көзқарас сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік берді. Ересектердің шешім қабылдауы жастарға әрдайым түсінікті емес, сондықтан дублер күнінің басқару және иелену тәжірибесін алуға нақты мүмкіндігі бар. Сонымен, өзін-өзі басқару-шығармашылық педагогикалық басқаруда құрылған мектептегі тәрбие үрдісінің маңызды және қажетті бөлігі. Егер өзара байланысты және дамудағы тиісті мақсаттардың, міндеттердің, қағидаттардың, мазмұндардың, нысандар мен әдістердің бірлігі қамтамасыз етілсе, тәрбие жүйесінде өзін-өзі басқару орынсыз пайда болады. Барлық қатысушылар мүдделі істе көптеген қиындықтарды білді, мұғалімнің ауыр еңбегін түсінді.

«Абайла бағдаршам» тақырыбында бастауыш сыныптарда сынып сағаты өткізілді. Оқушылар «Жаяу жүргіншілер» және «Жас инспекторлар» болып екі топқа бөліні. Әр топқа әртүрлі сұрақтар. Жол белгілерінің суреттері мен бағбалары беріліп, дұрыс жауап қайтару күткен әділ – қазы алқасы әділ баға беріп отырды. Сонымен қатар жол ережесіне байланысты әр топ бір неше кедергілерден өтті. Жеңіске «Жас инспекторлар» тобы жеңіске жетіп марапатталды.

25 қазан - «Республика күніне» орай оқушыларды өз Отанын сүйюге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу мақсатында «Егемен елім менің» тақырыбында сынып сағаты

өтті. Мектеп кітапханашысы Анапина С.Е «Қыран елім - Қазақстан» тақырыбында көрме ұйымдастырды.

"Патриотизм дауысы" тақырыбында жиын ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Бастауыш сынып оқушылары «Менің Қазақстаным» тақырыбында суреттер салды, жоғарғы сынып оқушылары «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазды. Мектеп жанындағы «Балбөбек» шағын орталығында «Гүлдене бер, Қазақстан» ертеңгілігі ұйымдастырылды.

Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру мақсатында «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

17 қараша дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Төлеген Б.Т жоғарғы сынып оқушыларымен джамп-руп секіру жарысын ұйымдастырды.

«Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы!» тақырыбында 1-8-сыныптарда сынып сағаттары өтті.

7-8 сынып оқушылар арасында «Қағаз кітаптың электронды кітаптан артықшылығы» тақырыбында дебат өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, оқушыларға Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беріп, өз тәуелсіз елін сүйуге, қадірлеуге, отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 5-8 сыныптарда «Тәуелсіздік – халық мұраты» тақырыбында тарихи сағат өтті.

«Тәуелсіз елдің - ұрпағымыз» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

29 желтоқсан күні «Қош келдің - Жаңа жыл» ертеңгілік және орта буын оқушылармен іс-шара өткізілді.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы жүйелі түрде құрылған.

Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің жетекшісі 2022-2023 оқу жылында Айтқұлова А.Қ мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

Сынып жетекшілерінің бірлестігінде кезекті және кезектен тыс отырыстар жоспарлы түрде өткізіліп, хаттамаға тіркеледі. Мектепте сынып жетекшілердің отырысы аға тәлімгер басшылығымен жүргізіледі.

2022 – 2023 оқу жылында 3 отырыс өткізілді. Отырыстарда 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жүзеге асыру туралы, озат педагогикалық тәжірибені анықтап, тарату жұмыстары, сынып жетекшісі жұмысының маңызын арттыру, мектеп жанындағы интернаттың тәрбие жұмысын ұйымдастыру, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің орындалуы, мұғалім этикасы, эстетикалық тәрбие, мектептегі үйірме жұмыстарының сапасы мәселелері қаралды. Тәрбие жұмысының жоспары және оның орындалуы, оқушылардың демалыс күндерін ұйымдастыру, өзара сынып жетекшілердің тәжірибе алмасуы, Президентіміздің кезекті жолдауын талқылау, күнделік тексеру, бірыңғай сынып сағаттармен таныстыру туралы

мәселелер қаралды. Сынып жетекшілер бірлестігі сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетеді. Сынып жетекшілердің портфолиолары талапқа сай жасақталған, оның ішінде тәрбие жұмысының жоспарлары, сынып сағаттарына талдау, қиын оқушылармен жұмыс, сынып туралы жалпы мәліметтер, сыныптың әлеуметтік паспорты, ата-аналармен жұмыс, хаттамалары, тәрбие деңгейінің мониторингісі бар. 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып сағаттары жоспарға сай өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты мен міндеттері

1. Тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруды мектеп пен отбасының өзара толық түсінушілігі мен келісілген іс – қимылын қамтамасыз ету.
2. Отбасы мен мектепке ата – аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту.
3. Әрбір отбасында балаларды жан - жақты дамытып тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.
4. Балаларды еңбекке тәрбиелеп, денесін шынықтыруда ата – аналардың белсенділігін күшейтуде үнемі жәрдемдесу.
5. Сынып ұжымы дәстүрлерінің одан әрі дамытып, белсенділігінің өсуіне жәрдемдесу.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың зерттеулері бойынша мектептің әлеуметтік портреті жасақталады. Өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне рейдтер ұйымдастырылып, акт толтырылады. Сынып жетекшілердің әрқайсысында ата-аналармен байланыс дәптері жүргізілуде. Мектепте ата-аналармен бірге жұмыс жүргізілу жолға қойылды. Ата-аналар комитеті мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасады. Ата-аналар комитетінің жылдық жоспары жасалып, қоғамдық жұмыстар бөлініп, сынып жетекшілерімен бірге жұмыс жүргізуде. Жалпы мектепшілік ата-аналар жұмыс жоспары құрылып, 2022-2023 оқу жылы бойынша 3 отырыс өтті. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, қауіпсіздік шаралары , өтетін шаралар туралы ақпараттар берілді. Сыныптардағы ата-аналар жиналыстары мен жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамалары тіркелген.

Мектептің ата-аналар жұртшылығымен біріккен іс-әрекеті

№	Оқу жылы	Жалпы мектепшілік ата-аналар комитетінің отырыстары	Ата-аналармен өткізілген іс-шаралар	Жалпы мектепшілік жиналыстар саны	Ата-аналардың жиналыстарға қатысуы
1	2022-2023	2	12	4	92 %

Бұл көрсеткіштер мектептің ата-аналар жұртшылығымен байланысының нығайғандығын дәлелдейді. Сынып және жалпы мектепшілік ата-аналар жиналыстарының хаттамалары әрбір сынып жетекші мен тәрбие ісі бойынша директор орынбасарында сақталады (жинақ материалдары бар).

Мектептің тәрбие жұмысы әр баланың жеке тұлғалық ерекшелігі отбасында қалыптасатынын есепке алмай құрылмайды. Қазіргі уақытта бала тәрбиелеу қоғамнан алшақ емес үрдіс екені белгілі.

Сынып және мектеп деңгейінде балалар мен ата-аналарды біріккен іс-әрекетке тарту оқушылардың жеке тұлғалық жағынан өсуіне жақсы мүмкіндік береді. Мектеп оқушылары бар ынталарымен, сыныптың мектептің іс-шараларына қатысады, өздерін мектептің өзін-өзі басқару жұмысында көрсетіп келеді.

Тәрбие жұмысының нәтижелілігін және тиімділігі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мектепшілік бақылауы арқылы анықталады.